Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

11 мамыр бейсенбі
№37 (1944)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Елімізде таза ауызсу мәселесі түбегейлі шешімін тапты деп айтуға әлі ерте. Бұл – әлі де күн тәртібіндегі мәселе. Жақында Үкіметте ауылды да, қаланы да таза ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі қаралды.

«Таза су үшін 2025-інші жылды күтпейміз»

Үкімет отырысында еліміздің барлық елді мекені мен қаласын 100 пайыз таза ауызсумен қамтамасыз ету жұмыстары биылдан бастап қолға алынатыны айтылды. Ауқымды жұмыс ең алдымен тұрғындарды таза ауызсумен қамту деңгейі төмен аймақтардан басталмақ. Мұндай аймақтар қатарына Жамбыл, Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облысы жатады екен.

Осы орайда айта кетелік, Қызылолрда облысы сапалы ауызсумен қамтамасыз етуде өңірлер арасында алдыңғы қатарда. Бұл туралы Үкімет отырысында ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев баяндады. Ведомство басшысының айтуынша, қалалық елді мекендерді сумен қамту бойынша Қызылорда облысы 100% көрсеткішке қол жеткізген. Үздіктер қатарында Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Атырау, Жетісу, Батыс Қазақстан, Ұлытау, Ақтөбе және Алматы облыстары бар. Сонымен қатар Қызылорда облысы ауылдық елді мекендерді ауыз сумен қамту бойынша 98,1% көрсеткішпен аймақтар арасында 5-ші орынға тұрақтаған.

Биыл сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуға және реконструкциялауға республикалық бюджеттен 280 млрд теңге бөлінген. Бұл қаражатқа 402 жобаны, оның ішінде қалаларда 167 млрд теңгеге 135 жобаны, ауылдарда 113 млрд теңгеге 267 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Жыл қорытындысы бойынша сумен жабдықтаудың қолжетімділік деңгейі: қалаларда – 98,8%-ға, ауылдарда – 96,3%-ға жетуі тиіс. Жалпы 2025 жылға дейін қалған 25 қала мен 1395 ауылдың тұрғындары тиісті қызметтермен қамтылады.

2 БЕТТЕ

СЫР МҰНАЙЫ ҚАНША ТҰРАДЫ?

Еліміздегі мұнайлы аймақтың бірі – Қызылорда. Соңғы кезде Сыр мұнайы сарқылып, суы көбейіп кетті деген әңгіме желдей есіп жүр. Оның үстіне Қызылорданың мұнайы басқа аймақтармен салыстырғанда әлдеқайда арзан деген де сөз бар.

Қызылорда облысын Қырымбек Көшербаев басқарған тұста да айтылды осы жайт. Сөзіміз дәйекті шығуы үшін 2017 жылдың ақпан айында облыстық «Сыр бойы» газетіне жарияланған «Қызылорда облысының 2016 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларын» алға тартайық. Онда:«2016 жылы өнеркәсіп өндірісі өнімінің көлемі 645,1 млрд теңгені құрады, бұл 2015 жылғы көрсеткіштен 9,8%-ға кем. Оған барланған мұнай кеніштеріндегі қордың сарқылуына байланысты өнім өндіру көлемінің азаюы және әлемдік мұнай бағасының арзандауы ықпал етіп отыр. 2016 жылы барлығы 7,7 млн тонна мұнай өндіріліп, 2015 жылмен салыстырғанда 1,3 млн тоннаға немесе 2014 жылмен салыстырғанда 2,2 млн тоннаға кеміді. Өңірдің мұнай өндіруге тәуелділігін ескере отырып, сонымен қатар экономика құрылымын өзгерту біршама уақытты талап ететіндігіне байланысты минералды шикізат базасын әрі қарай дамыту және жаңа кен орындарын игеру жұмыстары жалғасуда», – деп жазылған.

2 БЕТТЕ

ҚҰРМЕТ

Отан үшін кеудесін оққа тосқан жауынгерлердің бірі, ғасыр жасаған майдангер, шиелілік – Сәрсенбек Байжанов.

100-дегі жүректің жылуы

Соғыс ардагерінің ғасырлық мерейтойымен облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы құттықтап, Сыр жұртшылығы атынан автокөлік табыстады.

– Қазақта «қос тойың қабат болсын, екі дүниең абат болсын» дейді. Биыл сіздің 100 жасқа толуыңызбен қатар жеңістің 78 жылдығын да тойлаудамыз. 9 мамырды жеңіс мерекесі десек те, оған жететін жолдың қаншалықты ауыр болғанын бүгінгі ұрпақ ешқашан ұмытпайды. Туған елдің тәуелсіздігі мен бостандығы үшін жанын қиған боздақтарымызды біз мәңгі есте сақтаймыз. Майдан даласында Отан үшін кеудені оққа тосқан ерліктеріңіз бен қайсарлықтарыңыз үшін бас иіп, алғыс айтамыз, – деді аймақ басшысы.

Сәрсенбек Байжанов 1923 жылы Шиелі ауданында дүниеге келген. Соғыс жылдары Сталинградтың Солтүстік батысындағы Магеллан қаласындағы шайқасқа қатысқан. Сол жолы көзінен, қолынан, аяғынан жарақат алып, бір жылдай госпитальда емделген. Екінші топтағы соғыс мүгедегі болып елге оралады. «Қызыл жұлдыз», «Германияны жеңгені үшін» ордендерімен және Ұлы Отан соғысының 50, 60, 65, 70, 75 жылдық мерекелік медалімен марапатталған. Жұбайы Жәмила Сейітжанқызы екеуі 5 ұл, 6 қыз тәрбиелеп, олардан 40 немере, 65 шөбере және 3 шөпшек сүйген.

Өз кезегінде Ұлы Отан соғысының ардагері, ғасыр иесі Сәрсенбек Байжанұлы береке-бірлік бар жерде ғана істің алға басатынын айтып, аймақ басшысына ақ батасын берді.

А.ӘЛІМ

Отан үшін от кешкендер

Жеңіс күні мерекесі қарсаңында облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов пен қала әкімі Асылбек Шәменов Қызыордадағы соғыс ардагерлері Төлеген Жүнісов пен Әбдірахман Бәйтіковтің шаңырағына арнайы барып, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтауын жеткізді.

Қасіретті жылдардың куәгері болып, қан майданда ерліктің ерен үлгісін көрсеткен ардагерлеріміз қандай құрметке болсын лайық. Зымыраған уақыт, биыл сұрапыл соғыстың аяқталғанына да 78 жыл толып отыр. Сол кезеңде майданға аттанған жауынгерлердің жасы 16-ға енді толған болса, бүгінде көзі тірі ардагерлер 100 жасқа толуда. Зұлматты күндерді бастан кешкен олар ғасырлық тарихтың куәгерлері. Қазір аймақ бойынша 6 соғыс ардагері бар. Соның екеуі қалада тұрады.

1942 жылы қызыл әскер қатарына қабылданып, кіші командирлер курсын үздік тәмамдаған Төлеген Жүнісов сержант шенімен 688-ші атқыштар полкінде болып, Украина майданына аттанған. Майдан шебінде жүріп шешуші ұрыстарға қатысып, ерлігімен көзге түскен. Соғыс аяқталып, елге аман-есен келген жауынгер мұнан соң елдегі еңбекке араласты. Елдің көркеюіне үлес қосты.

Бүгінде жасы 100-ге таяған соғыс ардагері Әбдірахман Бәйтіков 1942 жылы Ашхабад қаласындағы командирлер курсын аяқтамастан майдан шебіне аттанған. Отанын қорғау жолында жан беруге дайын 18 жастағы жауынгердің бар мақсаты дұшпанның көзін жою, жеңіске жету еді. Дегенмен Курск түбіндегі шайқаста ауыр жараланған жауынгер туған жерге оралады. Елге оралып еңбекке араласты. Ел басына түскен тауқыметті жылдарды жұртшылықпен бірге көтерісті.

Уақыт алға жылжыған сайын бұл қастерлі күннің шоқтығы биіктеп, қадір-қасиеті, бағасы артып, тағылым-тәрбиесі мен мән-мағынасы тереңдей түсетіні анық. Осы орайда, азаматтық арды ту етіп, ерліктің ерен үлгісін көрсеткен сіздерге әрдайым қамқорлық жасау, ардақтау біздің перзенттік парызымыз, – деген облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов пен қала әкімі Асылбек Шәменов қос ардагерге құрмет көрсетіп, сыйсияпат жасады.

Отан үшін күресте етігімен от кешіп, кеудесін оққа төсеген соғыс ардагерлерінің алдында бүгінгі бейбіт, тыныш өміріміз үшін әрқашан қарыздармыз. Олардың жанқиярлық ерлігі ешқашан ұмытылмайтыны хақ.

Өз кезегінде майдангерлер ақ батасын беріп, бейбіт күніміз бен берекелі тыныштығымыз мәңгі болсын деген тілектерін білдірді.

А.СЕЙІЛ

СЫР МҰНАЙЫ ҚАНША ТҰРАДЫ?

Жақында сенатор Руслан Рүстемов те Парламент қабырғасында Сыр мұнайы хақында мәселе көтеріп, Премьер-министрге депутаттық сауал жолдады. Халық қалаулысы әлеуметтік желіге: «Сенаттың бүгінгі пленарлық отырысында Қызылорда облысына бөлінген мұнай экспорты квотасын 50%-ке ұлғайту мүмкіндігін қарау жөнінде Премьер-министрдің атына депутаттық сауалымды жолдадым. Қазіргі уақытта Қызылорда облысында мұнай өндіру көлемінің төмендеу үрдісі байқалуда. Соңғы 8 жылда мұнай өндіру 60%-ке қысқарды. Облыста 2013 жылы 10,5 млн тонна мұнай өндірілсе, 2023 жылы болжамды деректер бойынша 3,5 млн тоннаны құрайды. Қызылорда облысындағы мұнай өндіруші компаниялар мұнай өнімдерінің 80% ішкі нарыққа, қалған 20% экспортқа өткізуде. Мұнайдың ішкі нарықтағы құны 2 есе төмен екені белгілі. 2017 жылдан бері Энергетика министрлігі Қызылорда облысына мұнай экспорты квотасын ұлғайту мәселесі «Кеңкияқ-Атырау» реверсі жобасы іске қосылғаннан кейін ғана техникалық мүмкін болады деген ұстанымда болып келді. Бұл жоба Қызылорда облысының жер қойнауын пайдаланушыларының ішкі нарыққа мұнай жеткізу жүктемесін 80%-тен 50%-ке дейін төмендетуге мүмкіндік беруі тиіс еді. Алайда 2021 жылы аталған реверс қолданысқа берілгенімен Энергетика министрлігі Қызылорда облысында мұнай көлемінің сарқылуына байланысты квотаны ұлғайтудың мүмкіндігі жоқ екендігін білдіріп отыр. Демек Энергетика министрлігі Қызылорда облысындағы мұнай қоры бойынша болжамды есебін неге дұрыс жоспарламаған деген сұрақ туындайды. Осы ұстанымның салдарынан өңірдегі мұнай өндіруші компаниялар және олардағы сервистік мекемелер қиын жағдайда қалып отыр. Мұнай саласындағы сервистік мекемелердің тарифі соңғы 10 жылда индекстелмеген. Аталған түйткілді мәселе Үкімет тарапынан егжей-тегжейлі қаралып, қолдау тапқан жағдайда Қызылорда облысындағы бірқатар өзекті әлеуметтік проблемалардың шешімі табылатыны анық», – деп жазба қалдырған.

Басы 1-бетте

Қарап отырсақ, Қызылордадағы мұнай сарқылып барады деген мәселенің көтерілгеніне де біршама уақыт болған. Әлі айтылып келеді. Соған қарамастан мұнай компаниялары өз жұмыстарын жалғастыруда. Демек Сыр мұнайы белгілі бір деңгейде сатылымға шығуда деген сөз. Ішкі нарыққа да, экспортқа да шығуда. Сонда Сыр мұнайы қаншадан бағалануда? Бұл сұрақтың жауабын ұлттық статистика бюросының деректерінен табуға болады.

Күні кеше Egemen.kz-те ұлттық статистика бюросының деректерін арқау еткен «Мұнай бағасы қымбаттады» деген хабар жарияланды. Онда сәуір айында мұнай 2022 жылғы сәуірге қарағанда 7,6 пайызға қымбаттап, тоннасына 96,1 мың теңгеге жетті деген дерек келтірілген. «Еліміздегі ең қымбат баға Атырау облысында. Онда шикізат тоннасы 96,7 мың теңгеге бағаланған. Маңғыстау облысында баға 94,8 мың теңгені құраса, Қызылорда облысында тоннасына 94,4 мың теңге. Ақтөбе облысында тоннасына 93,5 мың теңге, – делінген Egemen.kz-те жарияланған ақпарда.

Бұл деректерге қарап, Сыр мұнайының қаржылық жағынан бағалануы Атырау мен Маңғыстаудан кейінгі орында екенін аңғаруға болады. Тіпті Маңғыстаумен пара-пар екенін, көріп отырмыз. Бірақ біздегі мұнайшылардың жалақысы Маңғыстаудағы мұнайшылардың жалақысына тең бе? Мәселе осында жатыр. Біз бұл сұраққа әлі де ораламыз.

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

«Таза су үшін 2025-інші жылды күтпейміз»

Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменованың мәліметіне сүйенсек, қазіргі уақытта республикада ұзындығы 15,5 мың км 80 топтық су құбыры бар. Олар 1,4 млн адамды қамти отырып, 655 ауылдық елді мекенді ауызсумен қамтамасыз етеді.

Биыл құрылысы 2010 жылы басталған Есқұла су құбырын пайдалануға беру жоспарланып отыр. Сондай-ақ Ақмола, Алматы, Атырау, Ұлытау, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы топтық су құбырларын салу және реконструкциялау бойынша 27 жобаны жүзеге асыруға қаражат бөлінді. Үйтас-Айдос топтық су құбырын реконструкциялау жұмыстарын жалғастыру үшін қаражат бөлу мәселесі пысықталуда.

Үкімет басшысы 2025 жылға дейін барлық елді мекендер мен қалаларды таза ауызсумен қамтамасыз ету қажеттігін атап айтты.

– Қазір елімізде 600 мыңнан астам адам таза ауыз су мәселесін шешуді талап етеді. Тіпті Астананың өзінде су тапшылығы қатты сезіле бастады. Бұл ретте, суды үнемдеу маңызды сұрақ болып отыр. Өкінішке орай, көптеген азаматтарымыз суды үнемдегісі келмейді. Бұл сұрақты шешу үшін саланы цифрландыру және тиімді тарифтерді енгізу қажет, – деді Премьер-министр Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар кей өңірлерде су тазарту құрылыстарын салу жұмыстары жылдан-жылға созылып кеткенін, соның салдарынан халықтың сапалы ауызсуға қол жеткізе алмай келе жатқанын атап айтты.

– «Сақалды» құрылысқа айналған ауыз су жобаларын аяқтау ісінде де шикілік көп. Мұның айқын мысалы ретінде Ұлытау облысындағы Есқұла су құбырын, Қызылорда облысындағы Талап су құбырын, Солтүстік Қазақстан облысындағы Преснов су құбыры мен Соколов су құбырының 2-ші кезеңін айтуға болады. Соның кесірінен 220 мыңға жуық адам сапалы суға қол жеткізе алмай отыр», – деп атап айтты Үкімет басшысы. Сонымен қатар елдегі сумен жабдықтау инфрақұрылым жағдайына мониторинг жүргізіліп, апатты жағдайдың алдын алу қажеттігін, бұл мақсатта суды цифрландыру технологиясын енгізу қажеттігін алға тартты.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Үкімет басшысы берген тапсырмаларды пысықтау мақсатында жиын өткізіп, ауызсу жетпеген ауылдарға тиісті жұмысты тез арада бастау қажеттігін тапсырды.

– «Бүгінгі күні облыстағы 230 ауылдық елді мекеннің 198-і немесе тұрғындардың 98,1 пайызы орталықтандырылған су жүйесіне қосылған. Дегенмен Арал, Қазалы, Қармақшы және Шиелі аудандарында барлығы 32 ауылдық елді мекенде ішкі су құбыры салынбаған. Бұл ауылдар тасымал арқылы немесе тікелей скважинадан ауызсу пайдалануда. Біз белгіленген уақыт – 2025 жылды күтпеуіміз керек. Ішкі су жүйелерін салу жоспарланған барлық елді мекендердің жобалау құжаттарын биыл аяқтау қажет, – деді аймақ басшысы.

Таза ауызсу мәселесі қозғалған тұста су мәселесі түбегейлі шешімін тауып, су сапасы жақсарады деген үміт бар.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ: Мектеп бітірушілер қалай тойлайды?

Енді біршама уақыттан соң барлық білім ошағы соңғы қоңырау соғып, түлектерін қанат қақтырады. Тарыдай болған қалпынан таудай өрен етіп қалыптастырған алтын ұясынан түлеп ұшу әрбір шәкірттің жүрегіне қимастық сезім ұялатары анық.

«Тойдың боларынан боладысы қызық» демекші, баласының мектеп бітіруі ата-ана үшін де уайым. Оқу жылын ойдағыдай аяқтағанымен алдағы сынақ сәттері, салтанатты шараларды өткізудің өз жауапкершілігі бар. Алайда биыл мектеп бітіру кешін өткізуге тыйым салынды. Енді соңғы қоңырау шарасы талапқа сай өткізіліп, бітіру кеші бұрынғыдай кең көлемде атап өтілмейді. Бұл туралы биылғы оқу жылының мектеп бітіру кештерін ұйымшылдықпен өткізу, бітірушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау, құқық бұзушылықты болдырмау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында облыстық білім басқармасының 2023 жылғы 3 сәуірдегі №56 бұйрығы шыққан. Онда оқу жылын аяқтау шараларын ұйымдастыруға және мектепке жөндеу жұмыстарын жүргізуге оқушылар мен ата-аналардан, педагогтардан ақша жинауға қатаң түрде тыйым салынған.

Бүгінде бұл бағытта мектеп директорлары мен мұғалімдерге, ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Қалалық білім бөлімінің басшысы Ерлан Теңізбайұлы мектеп ұжымдарымен кездесу өткізіп, мәселенің мән-жайын түсіндірді.

– Қатаң түрде ескертетін жайт, мектеп бітіру кеші міндетті түрде білім ошағында немесе ауласында өтуі, түлектердің мектеп формасымен қатысуы және барынша қарапайым түрде болуы міндеттеледі. Сондай-ақ соңғы қоңырау барысы бітірушілер мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіпсіз болуы жүктеледі. Бітіру кешін үйде не мейрамханада, ойын-сауық орындарында өткізуге және түлектердің автокөліктермен кортежге шығуына жол берілмеуі тиіс. Оқушылардың қауіпсіздігі мен құқық бұзушылықты болдырмау және алдын алу бағытында медицина, өрт қызметтері, ішкі істер органдарымен бірлесіп шара қабылданады. Сонымен бірге кешті ұйымдастыру үшін ана-аналардан ақша жинамау, ата-аналар тарапынан мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге сыйлықтар беруге қатаң тыйым салынады. Салтанатты шараларды мектептің қолда бар мүмкіндігімен ұйымдастыру керектігі ескертіледі. Сондай-ақ табиғат аясына серуендеуге, өзен-көлдерге, шағын су алаптарына суға түсуіне де тыйым салынған. Бұл ретте төтенше жағдай бөлімімен бірлесіп кезекшілік ұйымдастыру, бітірушілер, ата-аналар және педагогтар арасында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесіп белсенді түрде жүргізу керек, – деді бөлім басшысы.

Бөлім басшысы айтқан талаптар бұйрықта нақты көрсетілген. Сондықтан соңғы қоңырау кеші талапқа сай ұйымдастырылады. Ал бітіру кешін өткізуге мүлде тыйым салынған.

Әлеуметтік желіде бұл жаңалықты қолдаушылардың қарасы қалың. Расымен, мектеп бітіру кеші жастар үшін есте қаларлық қуанышты сәт болғанымен, шараның ойдағыдай өтуі, оқушылардың қауіпсіздігі мұғалімдерге де, ата-анаға да үлкен жауапкершілік жүктейді. Баласы үшін барын аямайтын ата-ана қарызданса да қатарынан қалдырмауға тырысады. Осылайша, күні бүгінге дейін мектеп бітіру ата-аналар үшін әрі қуаныш, әрі уайымға айналған.

– Осыдан 10 жыл бұрын қызым мектеп бітірді. Ол кезде де мектеп бітіру кешін өткізуге, мейрамханада атап өтуге тыйым салынған-ды. Бірақ ата-анасының қадағалауымен тойлауға рұқсат ететін. Кешке киетін киіміне, ұстаздарға сыйлығына әжептәуір қаржы жұмсалды. Екі жыл бұрын ұлым мектеп бітірді. Карантиннен кейінгі кезең болғандықтан тек соңғы қоңырау салтанаты өтті. Бітіру кештерін дүркіретіп атап өтпесек те ол кезде де біршама қаржы жұмсағаным есімде. Жалпы балаң мектеп бітіреді дегеннен ақша жинап отырасың. Қанша тыйым салу болса да қаржысыз болмайды. Енді биыл бітіру кеші атап өтілмейді дейді. Сыйлық беруге тағы да басқа шараларды өткізуге тыйым салынған. Бұл нақты іске асса, құба-құп болар еді. Өз басым мұны қолдаймын. Бір жалақыға күн көріп отырған ата-ана үшін бұл үлкен көмек болар еді, – дейді Жәмила есімді ата-ана.

Оқушы кезең қайта келмес шақ. Өмірде бір-ақ рет алтын ұя табалдырығын аттап, түлеп ұшасың. Он бір жыл бір сыныпта білім алған достарың да арман қуып жан-жаққа кетеді. Әрі қарай әркім өз тіршілік ағынымен алыстай береді. Сондықтан түлектер сыныптастармен өткізетін соңғы бітіру кешін ойдағыдай атап өткенді қалайды. Десе де талап орындалуы тиіс.

– Биыл он бір жыл тәлім алған түлектерімді қанат қақтырғалы отырмын. Олардың әрқайсысының асқақ арманы, ойлаған мақсаты бар. Еліміздің болашағы – осы білімді балаларымыз. Олардың мектеп қабырғасынан аман-есен түлеп ұшқанын кез келген ұстаз, сынып жетекшісі қалайды деп ойлаймын. Биыл жылдағыдай – мектеп бітіру кешін атап өтуге тыйым салынды. Бұл өте дұрыс шешім. Әсіресе балалардың қауіпсіздігі үшін қажет. Қазіргі таңда ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі ұрпақ білімді, көзі ашық. Сондықтан бұған көңілі түспейді деп ойлаймын, – дейді Ж.Махамбетов атындағы №43 орта мектебінің мұғалімі Анар Күзембаева.

Үлкен өмірге қадам бастым деп қызықтың жетегіне еріп, оқыс жағдайға ұшырағандар бар. Иә, мектеп бітіру кеші оқушылардың бірінің өмірін қиып, бірінің тағдырын тәлкек еткен оқиғалар жетерлік. Осыдан біраз уақыт бұрын Талдықорған мен Маңғыстау қаласының бітіруші түлектері мінген көлік апатқа ұшырап, оқушылардың өміріне қауіп төнген оқиғаны жұртшылық ұмыта қойған жоқ. Жеңіл көлікпен серуенге шыққан оқушылардың өмірі әп-сәтте астан-кестең болғанды. Мұндай оқиғалар кім-кімге де сабақ болуы тиіс.

Арман қуып, жаңа өмірге қадам басқалы тұрған сәтте әрбір өреннің сол арманы аласармаса екен дейсің. Ұстаздың да, ата-ананың да қалауы сол.

Айдана СЕЙІЛ

Биыл екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 78 жыл толды. 9 мамыр – Жеңіс күні мерекесіне орай «Тағзым алаңында» салтанатты шара өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысты.

Ерлігі ел жадында

– Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «9 мамырдың төл тарихымыздағы орны ерекше. Бұл – жанқиярлықпен ел қорғаған аталарымыз бен әкелеріміздің, әжелеріміз бен аналарымыздың рухына тағзым ететін күн. Біз ержүрек аға буынның алдында мәңгі қарыздармыз. Олардың қайсарлығы мен төзімділігінің, табандылығы мен патриоттығының арқасында бейбіт заманда өмір сүріп, жарқын болашағымызға жол аштық», – деген еді.

Бұл күн – қан майданда, тылда патриоттық парыздарына адал болған, кеудесін от пен оққа төсеп, ұрпақ болашағы жолында жанын аямаған, рухы асқақ, қайсар да батыл ағаларымыз бен апаларымыздың ерен ерлігіне бас иетін күн», – деді аймақ басшысы.

Мұнан соң сұрапыл соғыс жылдарында етігімен от кешіп, жанқиярлық ерлік танытқан жауынгер батырларды 1 минут үнсіздікпен еске алды. Арнайы гүл шоқтары қойылып, рухына тағзым етті.

Жыл өткен сайын соғыс ардагерлерінің қатары да сиреп барады. Аймақта 21 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атанса, 20 мыңнан астам жауынгер орден-медальдармен наградталған.

Биылғы Жеңіс мерекесін аймақта 6 соғыс ардагері мен 2408 тыл еңбеккері қарсы алды.

«Ақмешіт-ақпарат»

Жақында облыстық денсаулық сақтау басқармасына жаңа басшы келгені белгілі. Жауапкершілік жүгі ауыр салаға кім келді десеңіз, жас болса да өз ісінің білікті әрі мықты маманы келді. Алдымен бас дәрігердің еңбек жолы мен алдағы атқарылар жоспарымен бөліссек...

Ысқақов Олжас Ермекұлы – қызметте сатылап өскен білікті маман. Аймақтың денсаулық сақтау саласымен жақсы таныс, өзекті мәселелердің оңтайлы шешімін табуға әлеуеті жеткілікті, білікті кадр. Ол 1988 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген.

Санжар Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетін «Емдеу ісі», Қарағанды университетін «Экономика саласындағы құқықтық реттеу» мамандықтары бойынша бітірген. Денсаулық сақтау саласындағы менеджмент магистрі. Бүгінгі күні Алматы менеджмент университетінде докторантура бойынша өз білімін жетілдіруде.

Еңбек жолын 2013 жылы №3 қалалық емханада учаскелік дәрігер болып бастап, 2018 жылға дейін осы емханада бөлім меңгерушісі, бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған. 2018-2021 жылдар аралығында Қызылорда облысы денсаулық сақтау басқармасының бөлім басшысы, басқарма басшысының орынбасары болып жұмыс істеді. 2021 жылдан осы кезге дейін Денсаулық сақтау министрлігінде Ана мен бала денсаулығын сақтау департаментінің медициналық-әлеуметтік оңалту басқармасының басқарма басшысы, департамент директорының орынбасары қызметтерін атқарған.

АЙМАҚТЫҢ БАС ДӘРІГЕРІ ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫНА НЕНДЕЙ ЖАҢАЛЫҚ ӘКЕЛЕДІ?

Бір айдан кейін...

Бүгінде аймақтың бас дәрігерінің медицина саласын тізгіндегелі 1 ай толып отыр. Бір ай денсаулық саласындағы мәселелерді зерттеп, тұрғындардың арыз-шағымын азайту және оның алдын алу мақсатында тұрғындардың медициналық көмекке қанағаттану деңгейін арттыру, хирургия және нефрологиялық қызметін дамыту бойынша жол карталары әзірленуде.

Тыңдаулар нәтижесінде облыс халқына көрсетілетін медициналық көмекті жетілдіру мақсатында 2023-2028 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары әзірленуде.

Созылмалы бүйрек жетіспеушілігі бар науқастарға көрсетілетін медициналық көмекті талдау мақсатында «B.B.NURA» және «DIAVERUM» амбулаторлы гемодиализ орталықтарының басшылары, мемлекеттік органдар және МӘМСҚ КЕАҚ филиалы өкілдерімен бірге аталған орталықтар тарапынан бүйрек жетіспеушілігі бар науқастарға медициналық көмек сапасын жақсарту және анықталған кемшіліктерді жоюға 1 шілдеге дейін уақыт берілді.

Облыстағы бүйрегі ауыстырылған тұрғындар қанындағы такролимус концентрациясын анықтау мақсатында облыстық қан орталығында такролимус концентрациясын анықтайтын аппаратқа реагент және орталық қалалық емханаға иммунохимиялық анализатор аппаратын сатып алу жұмыстарын үйлестіріп, осы жылдың мамыр айының ортасында аталған қондырғы іске қосылатын болады.

Алматы және Жамбыл облыстарындағы (Еңбекші қазақ және Мерке аудандарында) үздік тәжірибе орталықтарының тәжірибесін енгізу мақсатында Шиелі ауданаралық ауруханасы және №6 қалалық емханасы мамандарын тәжірибе алмасу және озық тәжірибені тиімді енгізу үшін осы айда облыс мамандарын жолдау министрлікпен пысықталды.

Облыс әкімінің қолдауымен облыстық перинаталдық орталығының жүктемесін азайту мақсатында көпбейінді облыстық ауруханасының жанынан 70 төсектік перинаталдық орталығы, 150 төсекке арналған көпбейінді қалалық балалар ауруханасы, 0-3 жас аралығындағы балаларға ерте араласу орталығы, Арал ауданынан балаларға арналған ауданаралық оңалту орталығын құру жоспарланып отыр.

Бүгінгі күнге дейін тар буынды дәрігер мамандарды дайындауға облыс әкімінің 20 гранты бөлінсе, биыл 30 грант бөлініп, аймаққа да аса қажетті мамандар тізімі жасақталды.

Ана мен бала денсаулығын қорғау басты мақсатымыз екенін ескеріп, биыл біліктілікті арттыруға жергілікті бюджет қаражаты есебінен дәрігерлерге 18 тақырып, орта буын қызметкерлеріне 22 тақырып бойынша оқыту жоспарланды.

Соңғы айда Н.Д.Батпенов атындағы травматология ғылыми орталығының жоғары санатты травматолог ортопед дәрігері облыс тұрғындарына күрделі 8 ота жасаса, облыстық көпбейінді балалар ауруханасының базасында ҚР ДСМ-нің бас балалар ревматологі Зәуре Серікбайқызы «Балалар жасындағы аутоиммунды патологияны ерте диагностикалау» тақырыбында ЖТД, ревматолог, педиатр мамандарына семинар өткізіп, 46 науқасқа кеңес берілумен қатар 4 балаға буынішілік глюкокортикоидттардың енгізілу тәжірибесін көрсетті. Оған қоса ҚР ДСМ-нің бас неонатальды хирургы Асылжан Ерекешов «Туабітті өт шығару жолдарының даму ақауы», «Туабітті асқазан ішек жолдарының даму ақауы» тақырыптарында шеберлік сағатын өткізді. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын таппақ.

Кезекті сессия отырысында орфанды сирек кездесетін ауру түрлерімен сырқаттанатын облыс тұрғындарына жергілікті бюджеттен қосымша 100 млн теңгеге қаражат бөлінді. Одан бөлек, басқармамен «Қазақстан халқына» қорынан 34 млн теңгеге 3 науқасты керекті «Цинрайз», «Рисдиплам» препараттармен қамтамасыз ету үшін сұраныс беріліп, қолдау тапты.

Міне, бұл жаңа басшының бір айдағы біршама жұмысы. Денсаулық саласының игі істері алдағы уақытта да өңір халқының игілігіне айнала бермек.

Созылмалы бүйрек жетіспеушілігі бар науқастарға көрсетілетін медициналық көмекті талдау мақсатында «B.B.NURA» және «DIAVERUM» амбулаторлы гемодиализ орталықтарының басшылары, мемлекеттік органдар және МӘМСҚ КЕАҚ филиалы өкілдерімен бірге аталған орталықтар тарапынан бүйрек жетіспеушілігі бар науқастарға медициналық көмек сапасын жақсарту және анықталған кемшіліктерді жоюға 1 шілдеге дейін уақыт берілді.

Облыс әкімінің қолдауымен облыстық перинаталдық орталығының жүктемесін азайту мақсатында көпбейінді облыстық ауруханасының жанынан 70 төсектік перинаталдық орталығы, 150 төсекке арналған көпбейінді қалалық балалар ауруханасы, 0-3 жас аралығындағы балаларға ерте араласу орталығы, Арал ауданынан балаларға арналған ауданаралық оңалту орталығын құру жоспарланып отыр.

ЖАҢА ЕМХАНА

Өңірде тағы да жаңадан «Q-Med company group» емханасы ашылып, іске қосылды. «Q-Med company group» емханасының ашылу салтанатында қала әкімінің орынбасары Дінмұхамед Ермеков, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақов және медицина саласының ардагерлері қатысып, емхана жұмысына сәттілік тіледі.

Бұл орталық – халыққа жоғары сапалы, қолжетімді медициналық көмек көрсетеді. Оның негізгі қызметі ересектер мен балаларға амбулаториялық-емханалық, консультациялық-диагностикалық көмек көрсету.

Қазіргі күні емхана 60-тан астам қызметкерді жұмыспен қамтып отыр. Айта кету керек, оның ішінде орта буынды медициналық қызметкерлер Қызылорда мемлекеттік медицина колледжінің үздік түлектері. Сондай-ақ облыс көлемінде науқастарға аса қажет заманауи медициналық құралдармен жабдықталған бұл орталық қазіргі уақытта 6000-нан астам тұрғынға қызмет көрсетуде. Алдағы уақытта 20000 халыққа қолжетімді сапалы медициналық қызмет көрсетуді жоспарлап отыр.

КҮРДЕЛІ ОТА ЖАСАУ ӘДІСІ КӨБЕЮДЕ

Денсаулық сақтау жүйесі – қоғамның әлеуметтік өмірінің ең маңызды саласы. Елімізде денсаулық сақтау саласын жетілдіру үшін жыл сайын орасан зор қаржы бөлініп, жаңа әдістер енгізіліп, дәрігерлерді оқыту мен олардың біліктілігін арттырып, медициналық жаңа технология әдісін пайдалануда.

Көпбейінді облыстық аурухананың нейрохирургия бөлімшесінде алғаш инновациялық медициналық технология әдісін қолдана отырып, микрохирургиялық диск жарығын алу оталары енгізілді. Бұл ота осы жылдың сәуір айынан бастап науқастарға жасалуда. Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету мақсатында микрохирургия әдісімен диск жарығын алу отасы сәтті аяқталды.

Отаға нейрохирургия бөлімшесінің бөлім меңгерушісі Шынжырбай Оразмаханұлы, дәрігер нейрохирург Алмас Әбдіқалықов, дәрігер нейрохирург Нұржан Байдүйсенов, дәрігер нейрохирург Әнуар Қосбармақов қатысты. Отадан кейін дәрігерлер науқастардың жағдайы тұрақты, қанағаттанарлық деген баға берді.

Бетті дайындаған **Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ**
Суреттер ашық дереккөзден алынды

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫННАН ЭНЕРГИЯ АЛЫП ЖҮРСІЗ БЕ?

Күн жылынған сайын дүкен сөрелеріндегі салқын сулардың саудасы өтімді болады. Бүгінде ішетін судың түр-түрі бар. Түрлі жемістерден жасалған шырындардан бастап, энергетикалық сусындар толып тұр. Бірақ шырынды сусындарға қарағанда энергетикалық сусынның адам ағзасына қаншалықты пайдалы немесе зиянды екенін білеміз бе?

Энергетикалық сусындардың құрамындағы заттар жүйке жүйесін ынталандыру үшін бұрыннан пайдаланылып келеді. Бұл сусындар емтиханға дайындалып жүрген студенттерге, жұмысын уақытында тапсырып үлгермей жүрген қызметкерлерге, спорттық рекордтарға ұмтылған спортшыларға, жүргізушілер мен түнгі клубтарға нағыз құтқарушы болды. Бір сөзбен айтқанда, шаршаса да өзін сергек сезінуі керек адамдарға арналады-мыс.

Артықшылығы қандай?

Энергетикалық сусындар көңіл-күйді көтеріп, ой әрекетін жақсартады. Әркім өз қажеттіліктеріне орай энергетикалық сусын таба алады. Олардың кейбірі кофеинге негізделсе, екіншісі – дәрумендер мен көмірсулардан құралған. Кофеинге негізделген сусындар түнде жұмыс істеп, сабақ оқитын студенттер мен қызметкерлерге арналған, ал дәрумендi-көмірсулы сусындарды бос уақытын спортзалда өткізгісі келетін белсенді адамдарға пайдалануға болады.

Сусынның бұл түрі дәрумендер кешені мен глюкозадан тұрады. Дәрумендердің пайдасы бәріне мәлім. Глюкоза болса қанға тез сіңіп, қышқылдандыратын процестерге қатысады, бұлшық ет, ми және басқа да маңызды мүшелерді энергиямен қамтамасыз етеді.

Бір шыны кофенің әсері 1-2 сағат сақталады, ал энергетикалық сусынның әсері – 3-4 сағатқа дейін. Оған қоса көптеген энергетикалық сусындар газдалған болып келеді, бұл олардың әсерін кофеге қарағанда жеделдетеді. Құтысы да ыңғайлы болғандықтан, энергетикалық сусындарды өзіңмен алып жүруге және кез келген жерде ішуге болады. Бұл да оның кофеден бір артықшылығы.

Кемшіліктері көп-ақ...

Мұндай сусындарды белгіленген мөлшерлемеге сай тұтыну қатаң талап етіледі. Максималды мөлшер – күніне 2 құты сусын. Мөлшерден асыру – қан қысымының немесе қан құрамындағы қант деңгейінің көтерілуіне әкеп соғуы мүмкін. Негізі энергетикалық сусындар Франция, Дания, Норвегияда ресми түрде рұқсат етілмеген және дәрі ретінде тек дәріханаларда сатылады екен.

Бұл сусындардың құрамындағы дәрумендер мультидәрумендi кешенді алмастыра алмайды. Жүрек аурулары бар, гипо немесе гипертониямен ауыратын адамдарға энергетикалық сусындарды тұтыну құпталмайды.

Энергетикалық сусындар ағзаны энергиямен қамтамасыз етеді деген тұжырым – дәлелсіз. Сусында ешқандай энергия жоқ, ол тек энергия қоздырушысы. Яғни біз өз энергия қорымызды пайдаланамыз, қысқаша айтқанда, энергияны өзімізден қарызға ала тұрамыз. Алайда ерте ме, кеш пе бұл қарызды шаршағандық, ұйқысыздық, ашушаңдық түріндегі пайызбен қайтаруға тура келеді.

Басқа да ынталандырушылар сияқты энергетикалық сусындардың құрамындағы кофеин жүйке жүйесін әлсіретеді. Оның әсері 3-5 сағат сақталады, бұдан кейін ағзаға демалыс қажет. Сонымен қатар кофеинге адам тез әуестенеді.

Глюкоза мен кофеиннен тұратын энергетикалық сусын жас ағза үшін өте зиян. Көптеген энергетикалық сусындардың құрамында көп мөлшерде В дәрумені болады. Бұл жүрек соғысын жиілетіп, аяқ-қолдың дірілдеуіне себеп болуы мүмкін. Ал фитнес жанкүйерлері кофеиннің несеп айдағыш қасиеті жайлы жақсы білуі тиіс. Яғни, жаттығудан кейін энергетикалық сусын ішуге болмайды, өйткені жаттығу кезінде ағза онсыз да көп сұйықтық жоғалтады.

Байқағанымыздай, артықшылықтарынан кемшіліктері көп. Дегенмен әр адамның өмірінде энергетикалық сусынға жүгінуге тура келетін кездер болады. Мұндай жағдайда ағзаңызды қорғау үшін сусынды тұтыну ережесін мұқият оқыған абзал.

Энергетикалық сусындарды ішудің өз ережесі бар

Кофеиннің бір күндік мөлшерін асырмауға тырысыңыз, яғни екі құтыдан көп ішпеңіз. Сусынның әсері тарқаған соң ағзаға күш жинау үшін демалыс қажет.

Спорттық жаттығулардан кейін энергетикалық сусындар ішпеңіз, спорттық сусындар да қан қысымын көтереді. Сондай-ақ энергетикалық сусындарды жүкті әйелдерге, балаларға, жасөспірімдерге, егде адамдарға, гипертониядан зардап шегетін, жүрек-қан тамырлары ауыратын, глаукома, ұйқысы бұзылған, тез қозғыш және кофеинге сезімтал адамдарға тұтынуға тыйым салынады.

Кофеин қаннан 3-5 сағаттан соң шығады. Сондықтан осы уақыт аралығында энергетикалық сусындарды кофеинді (шәй, кофе) басқа сусындармен араластыруға болмайды, Әйтпесе мөлшерді асырып жіберу қаупі артады. Негізі энергетикалық сусындарды жаттығу алдында тұтынған жөн. Ал егер сіз салмақ түсіру үшін емес, жай ғана жаттығулар жасасаңыз, онда жаттығулардан кейін де ішсеңіз болады.

Сонымен қатар энергетикалық сусындарды ешқандай жағдайда ішімдікпен араластырып ішуге болмайды. Кофеин қан қысымын көтереді, ал ішімдік оның әсерін одан сайын арттырады. Нәтижесінде гипертониялық кризге ұшыратуы әбден мүмкін. Сондықтан кез келген сусынды ішкенде денсаулықты да бір сәт естен шығармаған абзал.

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Қоғамды алаңдатып отырған мәселенің бірі – жасөспірімдер арасындағы төбелес. Мұндай қатыгездік олардың бойына қалай сіңген? Үлкендер неден қателесті? Ата-аналар өз балаларының жүріс-тұрысын, мінез-құлқын бақыламаған ба? Білім мекемелеріндегі тәрбие жұмысы ақсап жатыр ма? Осындайда ойға әртүрлі сауал келіп, жанды мазалайды. Балғожа би өз заманында «Үміт еткен көзімнің нұры балам, Жаныңа жәрдем берсін Хақ Тағалам» деп тебіренген екен.

Әлем неге TikTok-тан қашып жатыр?

Үміт еткен балаларымыз мектеп қабырғасында жүріп-ақ қылмысқа барып жатыр.

Мәселен, Түркістан облысының полицейлері 9 сәуірде Ордабасы ауданындағы суару каналынан мәйіті табылған қызды өлтірді деген күдікке ілінген адамды анықтаған. Күдікті – 11 сынып оқушысы. Ол полиция бөліміне жеткізіліп, қамауға алынған. Аталған жайтқа байланысты ҚР ҚК-нің 99-бабы 2-бөлігі «Адам өлтіру» бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп жатыр.

Өскемендегі сауда үйінің әжетханасында кәмелеттік жасқа толмаған қыздардың бұзақылығы қоғамда қызу талқыға түсіпті. Қызылордадағы жағдай да елге белгілі.

Мұны қалай шектейміз? Психологтар да қазір жүйкесі сыр берген жасөспірімдер көп екенін айтуда. Мүмкін ғаламторда көрсетіліп жатқан қанқұйлы ойындар мен сериалдар жас баланы өшпенділіккке, жауыздыққа баулып жатқан болар. Әлеуметтік желіде бесіктен белі шықпаған, әлі ой-өрісі дамымаған балалар да отырады. Әсіресе тик-ток қиын болып тұр. Қазір тик-токқа кейбір елдер тыйым сала бастады.

Қытайда балалардың қолдануына белгілі шектеулер қойылды. Яғни, енді бұл елде бір күнде балалар тик-токты таңғы 6 мен кешкі 22 аралығында 40 минут қана қолдана алады.

АҚШ-та тик-токты бұғаттау керек деген пікір айтылуда.

Ал дәрігерлер болса соңғы бес жылда көз аурулары 25%-ға артқанын, бұған басты себеп – бүлдіршіндердің ұзақ уақыт телефонға телміруі дейді. Әсіресе, видео контенттердің тигізер зияны көп. Осыны ескерген TikTok желісі балаларға шектеу қоятынын мәлімдеді. Яғни енді 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер желіде күніне 60 минут қана отыра алады.

Роза Әбілдаева, қала тұрғыны: Мектепке апарамын, өзім сабақ біткесін алып келемін. Одан үйірмеге қатыстырамын. Телефон қарауға уақыт таба алмайды. Солай жасамасақ әлі жетілмеген бала тик-токтағы жамандықтарға арбалып қалуы мүмкін.

Роман Аман, IT маманы: Қазақ тіліндегі сапалы контент өте аз. Еліміздің мәдениетін, тарихын, ғылым-білімін насихаттайтын сапалы дүниелер жасасақ жақсы болар еді. Ал теріс контентке шектеу қойсақ мәселе шешімін табады.

Жадыра Садықова, ұстаз: Қазір балалар өте ашушаң болып кеткен. Мектепте қолдарында бір-бір телефон. Сабақты тыңдамайды. Тіпті ұстаз бірдеңе десе, онымен төбелесуге бар. Оқу жылы аяқталуға жақын. Олар сабаққа дайындалуы керек. Бірақ арбалғаны – тик-ток, әлем желі мұғалімнің сөзі желге ұшып жатыр. Жасөспірімдердің топтық төбелесі де осы тик-токтағы қанқұйлы видиоларды көп көргенінен деп ойлаймын. Олар өте еліктегіш келеді. Сондықтан ғаламтордан шектеу өте дұрыс қадам деп ойлаймын.

Дәрігерлер смартфон көп қарайтын, тик-токтағы қысқа видеоны көп көретін баланың ойлау қабілеті дамымайтынын айтып, дабыл қағуда. Пайдалы ақпарат алуға балаларға бір сағат та жеткілікті.

Көз дәрігерлері де смартфонның кесірінен соңғы бес жылда бүлдіршіндер арасында көз аурулары жиілей бастағанын айтады. Бұл платформаны бүгінде әлемнің 150-ден аса елінде пайдаланады. Бірнеше ел оны қолдануға тыйым салды. 1 млрд-тан аса адам телефонына жүктеген. Бұл – жедел дамып жатқандығының көрінісі.

Болашақта осындай зиянды әрекеттерді ескеріп Тик-Ток 18 жасқа дейінгі балалар үшін уақытты шектейтін жаңа функция енгізбек. Енді егер бала 1 сағаттан артық желіде отырса, ата-анасының рұқсаты қажет. Ал 13 жасқа дейінгі балалар ата-анасы құпия сөзді теріп, 30 минут отыруына мүмкіндік бар. Тик-ток бұл лимитті жақын арада енгізуді жоспарлап отыр.

Осындай тәртіп болмаса, тик-токта түрлі жарнамалар да қаптап жүр. Тіпті онда ерлер мен әйелдер арасындағы құпия болуы тиіс қарым-қатынасты да жарнамалайды. Желіні пайдаланушылар арасында да жауапкершілік болған дұрыс деп ойлаймыз. Біз мұндай бейәдеп әрекетке бастайтын әлеуметтік желідегі бейнежазбалардан осындай шектеу болғанда ғана баланы қорғай аламыз. Кәмелеттік жасқа толмаған баланың санасын улап жатқанымыз дұрыс па? Бұл – қолдан жасалған қиянат. Бала бізге Алладан берілген аманат болса, аманатқа қиянат жасамағанымыз жөн. Сондықтан балаларымызға абай болайық, ағайын!

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

СПОРТ

Талайды таңғалдырған жеткіншек

Астанада шахматтан өткен Қазақстан Республикасы Кубогының 1-кезеңі сенсациямен аяқталды.

Қызылордалық 15 жасар Алдияр Аңсат жеңімпаз атанды. Ол тәжірибелі қарсыластарынан, әлемге әйгілі шахматшылардан оқ бойы озып, жарыс қорытындысы бойынша турнирлік кестеде бірінші орынды иеленді.

Алдияр жас болса да халықаралық дәрежедегі шебер. Оның FIDE рейтингі – 2317. Турнир барысында ол 7,5 ұпай жинап, екінші орын алған армениялық Шант Саргсян (рейтинг 2630), 3-4 сатыға тұрақтаған украиндық Александр Моисеенко (2573) және Алексей Гоганов (2525, FIDE) сынды танымал шахмат шеберлерінен басым түсті. Айта кетейік, бұл турнирге 16 елден барлығы 167 спортшы қатысты.

Жас спортшылар жүлделі оралды

7-9 мамыр аралығында Қостанай облысында 2007 жылы туған және одан кіші жігіттер арасында Ұлттық спорт түрі жекпе-жектен жеңіс күніне арналған Қостанай Чемпионаты өтті.

Спорттық жарысқа еліміздің әр аймағынан 11 команда қатысты. Аталған додада Қызылорда қаласындағы Ұлттық және ат спорт түрлері бойынша спорт клубының 11 жас спортшысы бақ сынады. Олардың қатарында Сергали Әлімжан, Мергентай Әли, Жолдас Ерсұлтан, Ақмырза Мәулен, Ермекұлы Нұрсейіт, Ырысбек Жоламан, Ержанұлы Диас, Іскендіров Құрмет, Аябек Наурызбай, Серік Исламбек, Амангелді Рауан сынды өрендер бар. Бұл жарыста спортшылар 2 алтын, 3 күміс, 5 қола жүлдені қанжығаға байлады.

Жаттықтырушысы – Нұрсұлтан Мырзағали. Ал командалар арасында Қызылорда облысы 2-орынды иеленді.

Таласқа толы дода

«Евразия» спорт кешенінде Гандболдан әйелдер арасындағы Қазақстан республикасының VI жазғы спартакиадасы аяқталып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталды.

Марапаттау рәсіміне Республикалық гандбол федерациясының вице президенті, облыстық мәслихат депутаты, дзюдодан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ҚР еңбек сіңірген спорт қайраткері Садық Мұстафа, облыстық гандбол федерациясының президенті Наурызбай Байқадамов және облыстық мәдениет және спорт басқармасының жоғары спорт шеберлігі мектебінің директоры Бағдат Каленов қатысты.

Айта кетейік, жарысқа 5 команда қатысқан болатын. Кіл мықтылар жиналған спартакиада 5 күнге созылып, спортшы қыздар тартысты ойын көрсетті. Жарыс нәтижесінде Қызылорда облысының «Қайсар КГУ» командасы 1-орын иеленді.

Спартакиада 4 жылда бір рет өткізіледі. Өңіріміздің мақтаныштары гандболдан «Қайсар КГУ» командасы намысты қолдан бермей, биыл да чемпион атанды.

Әзірлеген **А.ОЛЖАБАЙ**

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

Төлем терминалдары мен сейф ұрлағандар...

Қызылордада бірнеше дүкендерге ұрлыққа түсіп, ондағы төлем терминалы мен сейфтен ақша ұрлаған екі азамат ұсталды.

Олардың бұл қылмыстардан бөлек басқа да ұрлық жасағандарын полицейлер бейнебақылау камераларының жазбалары арқылы дәлелдеді. Бірнеше ұрлық қылмысына күдіктелген екі азамат бұдан бөлек ойын орталығына да ұрлыққа түскен. Орын алған қылмысы бойынша полицияға арыз түскен. Ойын орталығының қызметкері өзінің арызында белгісіз азаматтардың пластик терезені бұзып кіріп, 4 дана «Playstation» және 10 дана джостик құралы қолды болғанын айтқан.

Күдіктілерді полицейлер бейнекамералар арқылы анықтады. 32 және 33 жастағы қала тұрғындары уақытша ұстау изоляторына қамалды. Айғақ заттар тәркіленді. Оларға қатысты бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188 бабының 3 бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде. Тексеру барысында ұрланған ақшаларды бас пайдаларына жаратқандығы анықталған.

Қазіргі уақытта полицейлер басқа да қылмыстарға қатыстылығын тексеруде.

Кортеж ұйымдастырғандар жол ережесін бұзды

Қызылорда қаласындағы орталық көшелердің қиылысында 3 автокөлік Тасбөгет кентіне қарай бағыт алу барысында жол жүру ережесін бұзып, жол кептелісін жасаған.

Аталған құқық бұзушылық жедел басқару орталығының бейнекамерасына түсіп, тиісінше жедел түрде патрульдік полиция бекеттеріне бағыт-бағдар берілді. Полиция қызметкерлері оқиға орнында үш көліктің жүргізушілеріне қатысты әкімшілік хаттама толтырды.

Оның ішінде, «Ваз 2107» маркалы автокөлік жүргізушісіне қатысты ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 596-бабының 5-бөлігімен және 593-бабының 1-бөлігімен хаттамалар толтырылып, сотқа жолданған.

Ал «Мерседес» маркалы автокөлік жүргізушісіне қатысты 615-бабының 1-бөлігімен хаттама толтырылса, «БМВ» маркалы автокөлігіне 593-бабының 1-бөлігі, 615-бабының 1-бөлігімен хаттама толтырылып, әкімшілік шара көрілген.

Есірткі мен қару табылды

Облыстық полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері рейдтік жұмыстар жүргізуде.

Жедел шара барысында полиция қызметкерлері Сырдария ауданы, Шіркейлі ауылының 44 жастағы тұрғынының үйін тексеру барысында 2 шелекке салынған ерекше иісі бар шөп және ішкі істер органдарында тіркелмеген 1 қаруды анықтады. Сараптама қорытындысымен тәркіленген зат жалпы салмағы 1 келі 232 грамм болатын «кептірілген марихуана» екені белгілі болды. Қазіргі таңда күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды.

Аталған дерек бойынша ҚР ҚК 296-бабының 4-бөлігі, яғни аса ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде. Сонымен қатар заңсыз қару сақтағаны үшін әкімшілік хаттама толтырылды.

Дайындаған **А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ**

Мәліметтер облыстық полиция департаменті мен қалалық полиция басқармасынан алынды

Сурет ашық дерекқозден

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2959 **Тапсырыс №730**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА